

Азапты ғұмырдың ащы шындығы

Өксігі тамаққа тіреліп, өзекті өртер өткен күндерді еске ала, «Азапты жылдардың ащы шындығы» деп тағылым сағатын өткізгенде, қатысушының да, оқырмандарымыздың да мұңлы жүзін, жасқа толған жанарын көрудің өзі жүрекке де, санаға да салмақ салады.

Алайда өскелең ұрпақ санасына, қазақ тарихының қасіретті жылдары жеке тұлғаның немесе бір ғана әулеттің емес, бүкіл халық басына төнген апат екенін айтуымыз қажет. Ел та-

рихында азалы күндерді басынан өткізген, халқы үшін тар қапаста күн кешіп, жанын қиған зиялыларымызды жастарымыз білуі керек.

Тарихымыздың өткен күндеріне зер сала қарасақ, тапқанынан жоғалтқаны көп халқымыздың сан қилы қиындықтарды бастан өткергенін көреміз. Әйтсе де, ел басына төнген небір зұлматтардың ішінде орны толмас өкініш, азалы да, қаралы кезең, қасіретті апат ретінде ашаршылық нәубеті бәрінен де асып түскені сөзсіз.

Әрине, халық қасіретті ұмытпайды. Оны есті ұрпақ есіне түсіріп, зобалаңның қайталанбауына ескерткіш белгілерін орнатады. Соның бірі арнаулы қаулымен 1997 жылы 31 мамырды «Саяси қуғын-сүргін күні» болып белгіленуі.

Қазақ халқының тарихында қаралы нәубет боп жазылған ашаршылық қасіретін түсіну және елі үшін тер төгіп, еңбек етіп, шыбын жандарын қиған, жазықсыз жапа шеккен арыстарымыздың рухы-

на тағзым ету мақсатында осы азапты жылдардың куәсі болған Ғалымжан Тарғынұлы жайлы жазылған «Жылқы атылған жаз» романы насихатталды.

Іс-шараға Арқалық қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Түбекбай Ғапсалықұлы, Арқалық қаласының құрметті азаматы Қайырден Тұрсынбекұлы, үздік өлкетанушы, оюшы Шөптібай Байділдәұлы, Дәулеткерей Ғалымжанұлы, “Жалын” клубының мүшелері мен қаламыздағы Н.Құлжа-

нова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі мен политехникалық колледжінің студенттері қатысты. Оқырмандар назарына «Тарихтың қасіретті жылдарынан» атты кітап көрмесі ұсынылды.

Қасіретті жылдарда жазықсыз жапа шеккендердің рухына тағзым ету баршамыздың перзенттік борышымыз. Қаншама зобалаң жылдарды бастан кешкен халықтың әрқайсысының айтқан зары, кешкен мұңы, жүріп өткен тар жолдары бәрі-бәрі бүгінгі ұрпақтың жүрегінде, мәңгі есінде...

Сымбат
СЕЙТМАҒАМБЕТОВА,
№2 ОӘҒК
кітапханашысы